

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттарына,**

2023 жылғы 22 қыркүйектегі
№ ДЗ-339

Құрметті депутаттар!

Есірткіге тәуелді балаларға медициналық көмекке қатысты сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

Есірткіге тәуелді адамдар үшін оңалту орталықтарын құру, балаларды емдеу хаттамасын әзірлеу, индикаторларды уәкілетті органдардың бағдарламалық құжаттарына енгізу бойынша.

Қазіргі уақытта республика бойынша психикалық денсаулық орталықтарында төсек қоры 603 төсекті құрайтын балалар психиатриялық бөлімшелері, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділігі бар кәмелетке толмағандар емдеудің толық курсы алатын 27 наркологиялық бөлімше бар.

Бұл орталықтардың жұмысын Алматы қаласындағы Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы (*бұдан әрі – РПДФПО*) үйлестіреді.

Психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділігі бар пациенттерді есепке алу «Наркологиялық науқастардың тіркелімі» ақпараттық жүйесінде жүргізіледі.

Соңғы 3 жылда кәмелетке толмағандардың саны азайып, 2020 жылы – 258, 2021 жылы – 238, 2022 жылы – 194 баланы құрады.

2023 жылғы 10 қазандағы деректер бойынша динамикалық байқауда 158 бала бар, оның ішінде алкогольге тәуелділікпен – 95, есірткі және психотроптық заттарға тәуелділікпен – 63.

Сонымен қатар, РПДФПО-ның Павлодар қаласындағы филиалында 5 төсектік балаларға арналған медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшесін ашу және балалар наркологтары мен психологтарын даярлау бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Жұмыс істеп тұрған төсек қоры есірткіге тәуелді балаларға қажетті медициналық көмекті толық көлемде көрсетуге мүмкіндік береді.

Психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолданудан туындаған психикалық мінез-құлық бұзылуларының клиникалық хаттамалары 2023 жылы әзірленуге және қайта қаралуға жататын хаттамалардың басым тізбесіне енгізілген.

Ағымдағы жылы психикалық мінез-құлықтық бұзылулардың 12 клиникалық хаттамасы, оның ішінде кәмелетке толмаған балаларға арналған 7 клиникалық хаттама (*апиындар, каннабиноидтар және т.б. туындаған*) қайта қаралды.

Қазіргі уақытта осы клиникалық хаттамалар қорытынды сараптамалық бағалаудан өтуде, 2023 жылғы қарашада оларды Денсаулық сақтау министрлігінің Сапа жөніндегі бірлескен комиссиясы отырысында бекіту жоспарланып отыр.

Үкімет Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарды (*Үкіметтің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 508 қаулысы*) (бұдан әрі – *Кешенді жоспар*) бекітті.

Кешенді жоспарда «динамикалық байқауда тұрған, «нашақорлық» диагнозы қойылған кәмелетке толмаған балалардың жалпы санынан ұзақ ремиссиямен динамикалық байқаудан алынған кәмелетке толмағандардың үлесін 2023 ж. – 15%, 2024 ж. – 18%, 2025 ж. – 20% ұлғайту» индикаторы көзделген.

ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасының шеңберінде (*Үкіметтің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 945 қаулысымен бекітілген*) алкоголь және есірткі бойынша Еуропалық мектептік зерттеулер жобасының (ESPAD) әдіснамасы бойынша 14-18 жас аралығындағы оқушылар арасында психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолданудың таралуын бағалау бойынша мониторинг жүргізілетін болады.

Осылайша бағдарламалық құжаттарда индикаторлар көзделген.

Есірткіге тәуелді балалармен жұмыс істеу үшін психиатр – наркологтарды даярлау және олардың жалақысын көтеру және әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету арқылы осы саланың қызметкерлерін ынталандыру жөніндегі шаралар кеінені бойынша.

Халықаралық стандарттарға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде ересектер мен балаларға бөлінбестен «Психиатрия (ересектер, балалар)» бірыңғай мамандығы айқындалған.

«Ересектер, балалар психиатриясы» мамандығы бойынша резиденттерді шығару 2023 жылы 96 маманды құрады (*грант – 82, жергілікті атқарушы органдар – 12, ақылы – 2*). Ағымдағы жылы «Ересектер, балалар психиатриясы» мамандығы бойынша резидентураға 88 грант бөлінді.

Анықтама: Психикалық денсаулық сақтау қызметінің мамандарымен жасақталу 91,4% құрайды, оның ішінде психиатр дәрігерлермен – 84,7%, орта медицина қызметкерлерімен – 95%.

Сондай-ақ Кешенді жоспарда жергілікті атқарушы органдар бөлетін қаражат есебінен, оның ішінде жетекші шетелдік клиникаларда оқуға, даярлауға және біліктілікті арттыруға гранттар бөлу есебінен наркологиялық көмек көрсететін өңірлік ұйымдарды кадрлармен қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар көзделген.

Денсаулық сақтау мамандарын ынталандыру мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2020 жылдан бастап медицина қызметкерлерін, оның ішінде психикалық денсаулық қызметінің: дәрігердің жалақысын 30%-ға, орта медицина қызметкерін жалақысын 20%-ға кезең кезеңмен (жыл сайын) көтеру жүргізіледі.

Ел азаматтарының, әсіресе жастар мен балалардың есірткі қолданудың профилактикасы жөніндегі стратегияны әзірлеу бойынша.

Бүгінгі таңда есірткіні пайдалануды құқықтық шектеуге және халықтың, оның ішінде кәмелетке толмаған балалардың хабардарлығын арттыруға бағытталған жүйелі шаралар іске асырылуда.

Мәселен, білім беру ұйымдарында ата-аналармен өзара іс-қимылға, оларды оқу-тәрбие процесіне тартуға және баланың өміріне қатысуға көп көңіл бөлінеді.

Мектептерде, студенттік ортада психиатр дәрігерлермен (нарколоктармен), полиция департаменттерінің есірткі бизнесіне және нашақорлыққа қарсы күрес басқармасының қызметкерлерімен, психикалық денсаулық және салауатты өмір салты орталығының мамандарымен бірлесіп, психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолданудың профилактикасы бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Профилактика және медициналық-психологиялық көмек көрсету мақсатында елімізде жасөспірімдер мен жастар арасында профилактикалық және ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізетін 156 Жастар денсаулық орталығы жұмыс істейді.

Бұл бағытта жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

А. Смаилов